



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа», - дейді Елбасы бір сөзінде.

«Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер» демекші, жастар арасында қалыптасып отырған сан түрлі мәдени үрдістер мен үдерістердің ұлттық, рухани санамызға кері әсерін тигізбесін деген, ниетпен мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар мен ұсыныстар жасалып жатыр. Осы жолдарды мемлекетіміздің берік нығаюы мен өркендеуі үшін қолдана отырып, жаңа технологиялар мен жетістіктерді игере отырып, өскелең ұрпаққа өшпейтін мұра қалдыру бүгінгі біздің қолымызда. Сондықтан, сенім мен талап барда талғамға қарай, болашақ үшін еңбек етсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Қолданылған әдебиет

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (1 бөлім). – Алматы: Ғылым, 1998. - 326б.
2. Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: Іргелі тарих және методология. – Астана, 2011.
3. Алтынбай Ш. Ел болашағы баланы ерте жастан тәрбиелеуден басталады. // Ұлт тағылымы. – 2002. – №4. – 16-24б.

УДК 398.93:37.013.42(574)

БИЛЕР СӨЗІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Төлеу Балкенже

balkenje-87@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ философия кафедрасының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Х. Данысбекова

Қазақ халқы – сөз қадірін өз қадірім деп біліп, кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр.

Қазақ – «ат сүрінгенше» ақыл тапқан, ұшқыр ойды қастерлеген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштап, сөз асылып жоғалтпай келген, ардақтысы да, аяулысы да сөз болған халық.

Қазақтың тілі сұлу, қонымды да толымды тіл. Сол кестелеп өріп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырды. Шешен сөз суырып салма ақындықпен туыстас.

Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы.

Биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділін, қара қылды қақ жарып айтқан кісі көтерілген. Би – табиғи дарын, асыл текті ақыл, арғыны көре білген көсем, ақпа-төкпе шешен.

Халық қамын ойлаған хандар болған. Елдікті сақтаған, ерлікті тудырған замандар болған. Өз Жәнібек, Өз Тәукеден, Абылайдан жеткен билік жүйесі болған. Халықта: «Түгел сөздің түбі – бір, Түп атасы – Майқы би» - деген сөз қалған.

Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен разанды, қиын мен жеңілді алға тартады. Мал дауы мен жан дауы, ар дауы мен намыс дауына кесім айтады. «Тілмен түйгенді, тіспен шеше алмас» деген тұжырым жасайды. Сарандықты әжуалдайды, бата беріп, тілек қосады. Азалы қазаны естіріп, көңіл айтады, жұбатады, тоқтам айтады.

«Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп шындықтың туын көтерген «от ауызды, орақ тілді» билерді қастерлеген. Бейнелі, дәлелді, қисынды уәж айтқан. Билер

ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, олар бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырған. Табиғатынан қуақы, ақ жарқын, қалжыңын қанжығасына байлап жүретін қазақ билері қағытпа сөзге, көңіл көтерер әзіл-әңгімеге кет әрі болмаған. [1]

Төле би бала кезінен ел ішіндегі жер дауы, жесір дауына араласып, тіпті ұсақ-түйек дау-дамайға кесім айтып отырған. Кейіннен оның үлкен мемлекеттік істерге, ел тағдырына қатысты жайларға бел шешіп кірісіп, бәтуалы істер тындырғанын ел біледі, тарих айтады.

Қазақ ауыз әдебиетінде Төле би туралы аңыз әңгімелер, шешендік сөздер көп. Олардың Төле би ақылды, әділ, шешен әрі халық қамын ойлаған қайраткер бейнесінде суреттеледі. Төле би өз заманының ақылды, білімді, парасатты адамы болған.

Халық аңыздарына қарағанда Төле заманындағы белгілі батырлар мен билердің тіпті хандардың бірсыпырасына ақылшы болған. Атақты батыр әрі шешен Шақшаұлы Жәнібек төле биге келіп:

Тұзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ат, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік қылайын ба, үлгі алып билік құрайын ба? Елінде кәрің болса, жазулы тұрған хатың, жайлаған көліңнің алдында төбе болса, ертеулі атың деуші еді, ақыл сұрай келдім,- дейді. Сонда Төле би:

Өзірді өрге салма – қанатың талар, наданға көзіңді салма – сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер, дұшпаныңа сырынды айтпа – түбіңе жетер, Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салма – жаугершілік болғанда жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп, жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма – өрісің тарылар: Қару жисаң мылтық жи. Жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң әуейі боларсың. Әйел алсаң, көріктіге қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұрт болар, ақылдың түбі құт болар. Елге бай – құт емес, би – құт. Қабырғада қар жауса – атан мен нарға күш, ел шетіне жаяу келсе – қабырғалы биге күш. Қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отыр, кәсіп болмай нәсіп болмас. Менен ақыл сұрасаң, менің айтарым осы, - деген екен. [2]

Тағы бір мысалда Төле би қанжыға қайыс ұрлаған ұрыға ат-шапан айып кеседі. Мәнісін сұрағанда: «қанжыға тон сақтамайды, тон жан сақтамайды» деп жауап береді. Сондай-ақ тұсау ұрлағанға ат бастатқан тоғыз айып салады. Оның мәнісі: «тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деп түсіндірген.

Барымташылық уақытта орта жүз Қаржас, Қаржас ішінде Жәдігер Құлнәзір деген кісіні Ұлы жүз жігіттері өлтіріп, теңдік бермейді, құн төлемейді. Осыған орай Жәдігерден төрт кісі Төле бидің алдына келсе, би жөнді сөйлеспейді: Талапкерлердің біріншісін тыңдап, оң қолын, екіншісі тыңдап, сол қолын созады.

Япырмай мына екеуінен сөз қалды ма? – деп үшінші кісі сөйлегенде, Төле үстіңгі ернін, төртінші кісі сөйлегенде, астыңғы ернін созады. Төртеуі аңырып, Төле биден бір ауыз жауап ала алмай, еліне келіп, көрген-білгенін айтқанда, едіге би отырып:

Төле бидің ишарасы төртеуіңе берген бағасы екен. Алғашқы екеуің сөйлегенде, екі қолын созғаны – сендер ұзын сойыл, ұр да жық екенсіңдер дегені. Кейінгі екеуің сөйлегенде, екі ернін созғаны – сендер ағайынды екі адамның арасына өсек айтып, ас ішерлік адам екенсіңдер. Сендер бітім сөз сөйлеп дауды бітіре алмайсыңдар, - деп қайырған екен.

Ел сонда Төлеге Едігенің өзін жұмсайды. Едіге қасына он шақты кісі ертіп, Төле бидің ауылына келсе, би алдынан шығып амандасып: «Алмасыңа мойным бар, асылыңа қойным бар» деп жүріп кетіпті. Едіге: «Би, мойын бұрмайсыз ба?» депті. Едіге серіктеріне «Төле би осы болса, дау бітті. Ертең жасаулап қыз береді» депті. Айтқандай, Төле би алты ата арғындарға ат бастатқан тоғыз, төрт ата Төртауылға түйе бастатқан тоғыз бен отаулап бір қыз беріп, қонақтарды еліне қайтарыпты.

Билер біртұтас мемлекеттік билік ісіне қосқан үлесі және ел басқаруда көсем сөз, даналығымен танылған құрметті тұлға. Елбасына күн туған қиын сәтте халқына пана бола білген қорғаушы әрі қолдаушысы.

Қазақ аталы сөзге тоқтап, халық сайлаған билерді қастерлеп, олардың билік шешімдері мен кесімдеріне келіскен халық. Қазақ ұлттық энциклопедиясында – би туралы арнайы тоқтап, бидің қоғамдағы және өмірдегі рөлін бағамдап жазған. Би сөзін түрлі зерттеушілер: 1. Ел билеушісі, иелік етуші; 2. Сот, төреші. 3. Батағөй, шешен; 4. Бітістіруші дипломат, елші – деп ортақ байламға топтастырылған.

Ұрпақ тәрбиесіне ерте кезден-ақ ерекше мән берген дана халқымыз баласына болашақта елімнің арқа сүйер азаматы, келешегімнің иесі, ғұмырымның жалғасы деп қараған. Жастайынан ел қамын ойлайтын, отан сүйгіш, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыруға тырысқан. Жаңа туылған сәбиге бесік жырын жырлап, тілі енді шыққан балаға жаңылтпаш үйретіп, ертегі айтып, мақал-мәтел, эпостық жырлар, шешендік сөздерді сіңіре отырып ұрпағын тәрбиелеген.

Қазақ халқы шешендік сөзге өте бай. Шешендік сөздер – ел құралып қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан билер мен хандардың, ақындармен мен шешендердің, ел ағалары болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қасиетті сөздері. Халық сынынан, ғасыр шындауынан өткен ұлы көшпелі қазақ қоғамында би-шешендер көп болған. Олар дауласқан даугерлерді, жауласқан жаугерлерді бір ауыз сөзбен тоқтатқан.[3]

Билер сөзі – халқымыздың өзіне тән табиғи дарындылығын көрсететін мәдени мұрамыздың бірі. Олар ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатыр. Ата-бабаларымыз көне замандарда шешендік екінің біріне қона бермейтін қасиет, дарын санап, қоғамға қажетті өнер деп бағалап, оны күнделікті тәрбие арқылы ұрпақ санасына сіңіріп отырған.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын ұлтжанды, адмгершілік мол, жігерлі, рухани бай, парасатты етіп тәрбиелеуде билердің шешендік өнері баға жетпес құндылығымыз десек артық айтпаған болар едік.

Тәуелсіз жылдарында рухани қазынамызды түгендеу Елбасы бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасының септігі зор болды. Көне ғасырдан сыр шертетін археологиялық ескерткіштерден бастап, қазақ тарихын тереңінен зерттеуге даңғыл жол ашылды. Билер есімінің жаңғырып, ұрпақ ұстынына айналуы да тәуелсіздік жемісі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Билер сөзі. Алматы, 1992.-159б
2. Н. Төреқұл. Билер сөзі – ақылдың көзі. – Алматы. 1996.- 238б
3. Дайрабай Т.; Ахметов М.; Омаров Қ. Билер сөзі – киелі. Алматы, 2012.-209б

УДК 378

ПАТРИОТИЗМ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Хадыс Нұршаш

nuka_1109@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.М.Макимбаева

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер,